

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ОРТА БІЛІМ БЕРУ КОМИТЕТІ» РММ



РГУ «КОМИТЕТ СРЕДНЕГО
ОБРАЗОВАНИЯ МИНИСТЕРСТВА
ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8,
тел.: (7172) 74-22-92, www.gov.kz/memleket/entities/kdso

010000, город Астана, проспект Мәңгілік ел, 8,
тел.: (7172) 74-22-92, www.gov.kz/memleket/entities/kdso

№ _____

Орта білім беру комитеті

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Инклюзивті және арнайы білім беру департаменті ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар емтихан тапсыруға қатысты келесіні хабарлайды.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға емтихан тапсыру барысында төменде аталған жағдайлар жасалады:

- тапсыру уақыты ұзартылады;
- жазбаша тапсырманы ауызша тапсыруға, ауызшаны жазбаша тапсыруға мүмкіндік беріледі;
- үзіліске уақыт беріледі;
- тірек материалдары ұсынылады.

Сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың аталған емтихандарды тапсыру кезінде мұғалім білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып сараланған немесе жеке тапсырмаларды қолданады.

Зиятында бұзылысы бар білім алушыларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартын (МЖМБС) орындау талап етілмейді, аталған санаттағы балалар педагогикалық кеңес шешімімен босатылады.

Негіздеме: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 Бұйрығы 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы.

**Инклюзивті және арнайы
білім беру департаменті
директорының м. а.**

Д.Елюбаева

Орын.Торекулова Б.А. 8 7172 74-23-32

Подписано

16.02.2024 19:27 Елюбаева Дариха Чапаевна



Министерство просвещения Республики Казахстан - Еришева С.Б.